| | | | |
|---|---|---|---|
| 23 | Ұлттық бұйымдар. | Балаларды топ бөлмесінде, өзін қоршаған заттардың ішіндегі ұлттық бұйымдарды дұрыс атай білуге, түр түсі, пішіні, көлемі жайында түсініктерін кеңейту, ұлттық бұйымдарды бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Ұлттық бұйымдар" | Ұлтық бұйымдар бейнеленген суреттер, |
| 24 | Матадан немесе оюдан сырмақ текемет құрастыру. | Балалардың мата қиындыларынан немесе оюлардан сырмақ, текемет түрлерін құрастыра білуге үйрету. Халық өнеріне деген қызығушылығын тәрбиелеу;<br>Дидактикалық ойын: "Ал канекей тауып көр" | Түрлі-түсті қағаз немесе мата қиындылары. |
| 25 | Анама арналған моншақ. | Моншақтың көлемі, пішіні, түсі,саны әртүрлі болатыны туралы түсінік беру.Аналарына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.Есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>Дидактикалық ойын:"Түсін ажырат" | Түрлі-түсті моншақтар суреттер. |
| 26 | Кілем құрастыру. | Заттарды түр-түсіне қасиеттеріне қарай, қолданылатын ортасына қарай ажыратуға, дейін қоюға тәрбиелеу. Түс – әр түрлі заттардың белгісу ретінде пайдаланылатынын. Түр – талғам екенін түсіндіру, көру, сезу мәдениетін байыту;<br>Дидактикалық ойын:" Кілем құрастыру" | Түрлі -түсті кілемшелер суреттері. |
| 27 | Тауық пен балапандар. | Балалардың мозайкамен жұмыс істей білуін бекітіп, әр түсті мозайканы әр затқа сәйкес алып, оны орналастыра білуін бекіту.<br>Дидактикалық ойын:"Түсін ажырат" | Мозайка.Тауық ,балапан суреттері. |
| 28 | "Бір және көп "ұғымы . | "Бір" және "көп"ұғымдарын қолдана отырып, 2 түрлі түсті жолақшаларға берілген заттарды орналастыруға жаттықтыру. Оң,сол қолдарын ажыратып, атап айтуға, заттарды оң қолымен алып,сол жақтан бастап қоюға үйрету. | 2 түрлі- түсті жолақшалар . |
| 29 | Жаңбыр жауды. | Серуен сәттерінде табиғат құбылыстарын түсіндіру арқылы балалардың танымдық білімін тереңдете түсуімен қатар тілін дамыту, сезімін ояту, аспан, қолшатыр, күн, бұлт т.б. сөздерін түсіндіру. | Табиғат ,аспан қолшатыр күн,бұлт суреттері. |
| 30 | Бағдаршам. | Көлемі мен ұзындығы жағынан бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыру.Бағдаршам көздерін санау және түстерін атау. | Бағдаршам суреттері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қызыл, жасыл, ақ, күлгін, және сары қағаздан немесе картоннан қиып үлкенді –кішілі тостағандар табақтар жасату, қағаздан қиылған бауырсақтардың түсін, пішінің ажыратып дастархан әзірлеу;<br>Дидактикалық ойын: "Түстерін ажырат" | кіші тостаған суреттері |
| 18 | Кеселер. | Екі түсті ойыншық кеселерді түстеріне сәйкес топтау. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен жаңылтпаш жаттата отырып, тілін дамыту, кесенің неден жасалғанын , не үшін пайдаланатынын түсіндіру. Басқа заттармен салыстыра отырып, көлемін, пішінін, ажырата білуге үйрету, ұқсас заттардың ішінен кесені табуға оның атын дұрыс айтуға жаттықтыру, тақырып бойынша сезімдік сапаларын бекіту;<br>Дидактикалық ойын: "Танып ал да ,түсін айт" | Түрлі ыдыс аяқ ,кесе суреттері. |
| 19 | Затты көлемі мен пішініне сәйкес таңдап алу. | Қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру. Олардың әрқайсысының көлемі мен пішініне назар аудара отырып, оны не үшін пайдаланатынын түсіндіру. Осыған сәйкес төрт заттан біреуі, тапсырма бойынша, таңдап ала білуді меңгерту;<br>Дидактикалық ойын: "Пішінін тап" | Қазақтың ұлттық әшекей бұйымдарының суреттері. |
| 20 | Көлемі әртүрлі білезіктер мен сақиналарды топтау. | Көлемі әртүрлі білезіктер мен сақиналарды көлеміне сәйкес топтай білуге үйрету. Сезімдік сапаларды іс әрекетте бекіту;<br>Дидактикалық ойын: "Сақина салмақ" | Қазақтың ұлттық нақыштағы білезік,сақина суреттері. |
| 21 | Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай орналастыру. | Әр түрлі торсықтарды түстеріне қарай тақтайшаға орналастыра білуді түстерді ажырата білуді меңгеру;<br>Д/о:"Торсықтарды топтастыр"<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін, шапшаңдықтарын арттыру. | Түстері әртүрлі торсықтар суреті. |
| 22 | Кемпірқосақ. | Түстерді ажырата білу,оны дұрыс пайдалана білуге үйрету.Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: "Түстерін ажырат" | Кемпірқосақ суреті. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ажырата білуге дағдыландыру. 5-ке дейінгі сандарға жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар, айтып тілін дамыту, көркемдік талғамын қалыптастыру, бейнелеуде іскерлік дағдылардына машықтандыру | айтқызу. |
| 12 | Ыдыстар. | Күнделікті отбасында пайданылатын ыдыс-аяқтарды түстеріне және көлеміне қарай екі топқа бөліп топтау. (Ағаш қасықтар)сезімдік сапаларын бекіту. Ағаш қасықтың сапасын ажыратып, оны басқа заттармен салыстырып, қатты, жұмсақ заттарды сипап сезу, ұстап көру арқылы ажырата білуге үйрету. Түсті айыра білуін бекіту, байланыстырып сөйлеуге үйрету; | Күнделікті отбасында қолданылатын ыдыс-аяқ суреттері. |
| 13 | "Қайда өседі ?" дидактикалық ойын . | Ойын арқылы көкіністердің пішіні мен көлеміне қарай(дөңгелек,ұзын-қысқа,жуан-жіңішке,тең-тең емес )жайында түсінік беру.<br>Дидактикалық ойын: "Көкіністерді ажырат" | Көкіністер суреттері. |
| 14 | Бақшада. | Күндіз-тәнертең тәулік бөлігімен ажырата білулерін қалыптастыру.Шеңбер туралы түсініктерін қалыптастыру, заттарды салыстыра білуге үйрету. | Тәулік бөліктері бейнеленген суреттер. |
| 15 | Ойыншықтарды топтау. | Топ бөлмесіндегі түстері әр түрлі ойыншықтарды (заттарды) түстеріне қарай топтауға, бөліп салыстыра, ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге, өздеріне байланысты кеңістікте бағдарлама білуге жетілдіру;<br>Қимылдық ойын: "Кім шапшаң" | Түрлі-түсті ойыншықтар суреттері. |
| 16 | Көпір. | Заттардың пішініне сәйкес құрлыс материалдарын дұрыс пайдалана білуге үйрету. Әрбір геометриялық пішіндердің түсін атап, одан көпір құрастыру. «Көпір» өлеңін мәнерлеп айттып беріп, оның не үшін керек екенін түсіндіру. Тілін дамытып байланыстырып сөйлеуге үйрету;<br>Дидактикалық ойын: "Пішінін тап" | Көпірдің суреттері,түрлі текшелер. |
| 17 | Дастархан әзірлеу. | Әр түрлі төртбұрыш қағазды дастархан ретінде пайдаланып | Түрлі-түсті қағаздар,үлкен- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | Құрақ көрпе құрастыру. | Берілген геометриялық пішіндерден көрпеше құрастыра білуге үйрету; Үшбұрыштарды, дөңгелектерді, төртбұрыштарды орынымен қоя білуге үйрету. Өз бетінше шығармашылық пен әрекет етуге жаттықтыру; Дидактикалық ойын:"Көрпеше құрастыру" | Үшбұрыш,дөңгелек,төртбұрыш пішіндер суреттері. |
| 7 | Бас киімдер(тақия). | Жыл мезгілдеріне байланысты қандай киім киетіндеріне тоқтала отырып , пішіні әр түрлі тақияларды түстеріне сәйкес топтауға үйрету. Оларды күнделікті қолданылатын заттар мен байланыстыра айта білуді меңгерту, тақырыпқа қатысты жұмбақтар үйретіп сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Не артық ?" | Жыл мезгілдеріне байланысты киімдер,бас киімдер суреттері, тақия. |
| 8 | Кеңістікті бағдарлау. | Математикалық қарапайым түсініктерді , жануарлармен байланыстыра түсіндіру. Тұрған орыннан оң ,сол алдында, артында, қасында, жанында, орналасқан жануарлардың кеңістіктегі орны дұрыс айтып беруге жаттықтыру. Жұмбақ, жаңылтпаштарды пайдалана отырып,сөздік қорын молайту, тіл байлығын жетілдіру;<br>Дидактикалық ойын: "Үй жануарларын ата" | Жануарлар суреттері. |
| 9 | Үйлер мен жалаулар. | Балалардың назарын әр түрлі затқа сәйкес түстерді пайдалана білуге аудару, заттық құрамы мен бейнесіне сәйкес түстерді ажырата білулерін бекіту. Отанына дегене сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу; | Түстері әртүрлі заттар, ойыншықтар.Үйлер ,жалауша суреттері. |
| 10 | Мұнара құрастыру. | Балаларды текшенің үстіне текшені дұрыс қоя білуге оның үстіне кірпіш қоюға үйрету; құрап отырған мұнара екенін түсіндіріп, балалардың сөздік қорын дамыту, белсенділігін арттыру;<br>Дидактикалық ойын:"Мұнара құрастыр" | Түрлі түсті текшелер,мұнара суреттері. |
| 11 | Санау. | Балабақша үйінің орналасуына қарай кеңістікті бағдарлау. Заттарды 5-ке дейін санауға үйрету. Топтағы заттардың саны тең, еместігін анықтау. Тапсырманы зейін қойып тыңдауға, тыңғылықты орындауға үйрету. Дөңгелекпен үшбұрышты | Дөңгелек,үшбұрш ішіндер.<br>5-дейін санау.<br>Жұмбақ жасыру,жаңылытпаш |

| Р/с | Тақырыбы | Мақсаты | Керекті құралдар, көрнекіліктер |
|---|---|---|---|
| 1 | Заттарды көлеміне қарай топтастыру. | Топ бөлмесіндегі заттарды бір-бірімен салыстырып отырып көлемдері әр түрлі және бырыңғай заттарды үлкен, кіші екі топқа бөлуге үйрету. Бір пішіндегі көлемі екі түрлі дөңгелектерді (тостағанды)ажырата білуге үйрету көлемді ажыратуды меңгерту;<br>Дидактикалық ойын:"Қайсысы үлкен?" | Топ бөлмесіндегі заттармен таныстыру.Бір пішіндегі ,көлемі екі түрлі тостаған суреті. |
| 2 | Түстері бойынша топтау. | Түстері әр түрлі, біркелкі заттарды екі топқа бөліп топтау (ағаш, қасық, кесе) үйрету. Сезімдік сапаларды бекіту. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен жаңылтпаш жаттата отырып, тілін дамыту;<br>Дидактикалық ойын:"Өз түсіңді тап" | Түстері әртүрлі ,біркелкі заттар: ағаш,қасық,кесе т.б суреттері. |
| 3 | Көлем, пішін, кеңістік. | Ауыл мен қаланы салыстыра отырып, математикалық ұғымдарын жетілдіру. Санау, көлем, пішін, кеңістікті бағдарлау туралы ұғымдарын бекіту. Құрылыс материалдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық пішіндермен таныстырып, ойын жүйелі жеткізе білуге, байланыстырып сөйлеуге үйрету;<br>Дидактикалық ойын:"Құрылыс материалдарын тап" | Геометриялық пішіндер суреттері.Төртбұрыш,үшбұрыш, дөңгелек. |
| 4 | Үлкен-кіші. Биік-аласа. | Әртүрлі заттар тобын көлеміне қарай таныстыру. Бір-бірінің үстіне қою арқылы салыстыру тәсілдерін пайдалана отырып, топтағы заттарды көлеміне үлкен-кіші, ұзындығына, ұзын-қысқа, биіктігіне, биік-аласа қарай салыстыруды үйрету. | Ыдыс аяқ ,кесе суреттері. Топтағы түрлі-түсті ойыншықтар. |
| 5 | Пішініне сәйкес, көлемді табу. | Берілген төрт заттан пішініне сәйкес екі затты таңдап ала білуді меңгерту ( қоржын, жастық, сәукеле, камзол). Заттарды пішініне қарай сәйкес топтауға үйрету. Заттарды не үшін пайдаланатынын түсіндіру. | Қоржын,сәукеле,жастық,камзол суреттері. |

## Түсінік хат

Қазіргі таңда мектепке дейінгі сәбилік жаста ерекше назар аударатын тәрбие түрі-сезім тәрбиесі. Сезім тәрбиесі алдымен қоршаған ортадағы болымысты қабылдау мен түйсікке негізделеді. Ең алдымен таным көзі-сезім арқылы қабылдауы,бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну процессі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды.

Баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен , оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы, жас ерекшеліктеріне байланысты болып табылады.

Сезімдік тәрбиемен басталып, математикамен жалғасатын бұл ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, математикалық қарапайым ұғымдарды қалыптастырудың алғашқы баспалдағы деп ойлаймын. II кішкентайлар тобында сезімдік және құрастыру жұмыстарын орындау барысында баланың математикалық қарапайым ұғымдар жөніндегі түсініктері қалыптасады.Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік эталондарды игеруі балабақшада тәрбиелеу мен білім бағдарламасында көрсетілген геометриялық пішіндермен, түстер мен танысудан басталады. Мұндай танысу негізінен көпшілік қабылдаған үлгілерден басталады да, тиімді іс –әрекеттердің көптеген түрлерін меңгеру үрдісінде өтеді. Тәрбиеші ақыл-ой, сезім тәрбиесінің міндеттерін ойын формасында қойып, оны ойынмен байланыстырады.

**Бағдарламаның мазмұны:**Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған оқу іс- әрекетінде емес қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жұмбақ айту, шешу, сурет салу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

**Мақсаты:**Математикалық қарпайым ұғымдарды қалыптастыру жұмыстарын тереңдете үйрету (балалардың сезімдік қабылдауына , түйсігінің дұрыс бағытта қалыптасуына жағдай жасау).

**Міндеттері:** -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;-Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;

**Күтілетін нәтижелер:**

Нені білді: Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;

Қандай түсініктерді игерді: Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, коржын, сәукеле, тақия т.б ) толық меңгеру;

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Баланың өз бетімен жұмыс істеуі;

**Бағдарламаның мерзімі:** II-кіші топта аптасына 1 рет, 36 сағатқа,
1 жылға құрылған.

**КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы**

**№1 педагогикалық кеңес шешімімен**
**"Бекітілді"**
**Бөбекжай- бақша директоры**
**____________С.Ж.Жанекешова**

**№9 «Құлыншақ» ортаңғы тобының**
**«Байқампаздар әлемі»**
**вариативтік компонент**
**ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары**

**2020-2021 оқу жылы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Дидактикалық ойын: "Бағдаршам" | |
| 31 | Балық аулау. | Балаларғы балық және су туралы түсінік беру, балықтың көлемін, сыртқы пішінін, түстерін ажырата білуге үйрету, судың сұйық зат екенін балалардың қолын салдырып, сезімдеріне жеткізу. Суды өмірдегі маңызын түсіндіру.<br>Дидактикалық ойын: Балық аулау" | Балық суреттері. |
| 32 | Геометриялық фигуралар. | Геометриялық фигуралар туралы балалардың білімін толықтыра түсу , олардың мәнді белгілерін ажырата білуге төселдіру.<br>Дидактикалық ойын:"Қай пішін екенін ажырат" | Геометриялық пішіндер: шаршы,төртбұрыш,үшбұрыш. |
| 33 | Ұзын және қысқа. | Балаларды заттарды ұзындығы бойынша салыстыра білуге ,ұзын – қысқа сөздерін пайдалана білуге үйрету.Логикалық ойлау қабілетін, зейіндерін дамыту.<br>Дидактикалқ ойын:"Ұзын-қысқа" | Ұзындығы бойынша түрлі-түсті заттар,ойыншықтар. |
| 34 | Биік-аласа ұғымдарымен таныстыру. | Балаларды биік-аласа ұғымдарымен таныстыру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Дидактикалық ойын: "Биік-аласа" | Биік-аласа заттармен таныстыру. |
| 35 | Бесік жыры. | Қуыршақты бөлеп, көрсете отырып, бесік жырын үйрету. Бесіктің түсін пішінін айыру .<br>Дидактикалық ойын:"Қуыршақты бесікке бөлейміз" | Бесік құралдарымен таныстру. |
| 36 | Өз қалаулары бойынша туынды жасау. | Балаларға жыл бойы өздеріне таныс болған материалдарды ортаға қоя отырып, қалаған нәрселерінен жаңа бір нәрсе жасауларын өтіну.Жасалған туындының көлемін,пішінін анықтау. Ыждағаттылыққа, эстетикалық талғамға тәрбиелеу.<br>Дидактикалық ойын: "Пішіндерді тап" | Түрлі -түсті қағаз.Ойын материалдары. |
| | | **Барлығы:** | **36 сағат** |